

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8D02310-«Филология» мамандығы PhD докторанты Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» атты философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

## ШЕТ ЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

Қазіргі түркология және тіл білімі салаларындағы зерттеулерде түркі халықтарына ортақ көне және ортағасырлық жазба мұраларды зерттеу маңызды мәселе болып табылады. Жазба мұраларды терең зерттеу арқылы түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауға мүмкіндік аламыз.

Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» ескерткіші құнды жазба мұралардың бірі болып табылады. Бұл ескерткіш тек түркі дүниетанымының көрінісі ғана емес, сонымен бірге мәдени сабақтастықтың айқын дәлелі ретінде де ерекше мәнге ие. «Байтарату'л-вазих» тілін диахронды және синхронды тұрғыдан талдау мәмлүк-қыпшақ тілінің қазақ тілінің қалыптасу процесіне ықпалын нақтылауға, олардың тарихи-генетикалық сабақтастығын терең зерделеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – ортағасырлық жазба ескерткіш «Байтарату'л-Вазих» жазба ескерткішінің тілін ғылыми айналымға түсіріп, лексикасының қазіргі қазақ тілімен сабақтасатын тұстарын анықтау. Осы мақсат аясында мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің жазылу және зерттелу тарихына жан-жақты шолу жасалып, оның жанрлық құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері жан-жақты талданды. Бұл ескерткіш тіліндегі фонетикалық құбылыстар тарихи-компаративтік әдіспен сараланып, дыбыстық жүйесі мен фонетикалық заңдылықтары анықталып, қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесімен тоғысу жолдары жан-жақты қарастырылды. Осылайша, мәмлүк-қыпшақ тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымдарының қазіргі қазақ тіліне ықпалы мен сабақтастығы нақты зерттелді.


Сонымен бірге, ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілінде қолданылу дәрежесі салыстырмалы түрде талданып, сөздер сөз таптарына жіктелді. Олардың мағынасы мен тұлғасының сақталу деңгейіне қарай топтастырылып, сандық статистикалық талдау жүргізілді. Бұл зерттеу қазақ тілінің тарихи-тышқары байланыстарын, сөздердің мағыналық өзгерістерін және олардың қазіргі тілдегі функцияларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді. Айта кету керек, мұндай зерттеу түрлері тілдің тарихи дамуын кешенді түрде түсінуге жол ашады, сонымен қатар тілдік мұраны сақтау мен дамытудың негізін қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерделеу қазақ тілінің тарихи диалектологиясы мен

лексикологиясы саласындағы ғылыми ізденістердің маңызды бағыты болып табылады.

Осылайша, ортағасырлық жазба ескерткіштерді жан-жақты зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің тарихи негіздерін айқындау және тілдің даму бағыттарын нақтылау мүмкін болады. Бұл зерттеулер тіл білімінің дамуына, сонымен қатар түркі тілдері арасындағы байланыстар мен ерекшеліктерді анықтауға үлес қосады.

Қорытындылай келе, «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату»-л-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы зерттеу еңбегі докторлық жұмысқа қойылатын талаптарға сай екендігін ескере отырып, ізденуші Батырбекова Камшат Айшигаровна 8D02310-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шетелдік кеңесші:  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор:

  
Эржан Алкая

